

## 2012 жылға субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 22 қазандағы № 316 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 02 қарашада № 2643 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 8-тармағының 4) тармақшасына, 66 тармағына сәйкес сәйкес Атырау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. 2012 жылға субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері мен субсидиялардың нормалары :

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес отандық тыңайтқыш өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына);

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) белгіленсін.

2. "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғ.И. Дүйсембаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Измұхамбетов

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

2012 жылғы 22 қазан

А т ы р а у о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 2 қ а з а н д а ғ ы № 3 1 6

қаулысына 1 қосымша

**2012 жылға субсидияланатын отандық тыңайтқыштардың түрлері және өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) субсидиялардың нормалары**

№ р/с	Тыңайтқыштардың субсидияланатын түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірлік құнын арзандату пайызы, дейін	Бір бірлікке субсидиялардың нормалары, теңге
1	Аммиак селитрасы (N-34,4 %)	тонна	50	28 900
2	Жай суперфосфат (P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -19 %)	тонна	50	24 500
3	Аммофос (N-10%; P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -46%)	тонна	50	45 000
4	Хлорлы калий (K <sub>2</sub> O-42,2; KCL-65%)	тонна	50	30 000
5	Күкірт қышқылды калий, тазартылған (калий сульфаты) (K <sub>2</sub> O -53%)	тонна	50	72 500

А т ы р а у о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң  
 2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 2 қ а з а н д а ғ ы № 3 1 6  
 қаулысына 2 қосымша

**2012 жылға субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) субсидиялар нормалары**

№ р/с	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір өлшем бірлігінің құнын арзандату пайызы	Бір өлшем бірлігіне субсидиялардың нормалары, теңге
1	Нитроаммофоска (N-15%; P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -15%; K <sub>2</sub> O-15%)	тонна	50-ге дейін	46 500
2	Калий нитраты (N-13,5%; K-46,2%)	тонна	20-ға дейін	103 620
3	Монокалий фосфат (P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -52%; K <sub>2</sub> O-34%)	тонна	20-ға дейін	101 736
4	Кальций нитраты (N-15,5%)	тонна	20-ға дейін	47 410
5	Магний нитраты (N-11%)	тонна	20-ға дейін	48 042